

Нөсербек ЗАҢӘДІЛУҒЫ

ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (nosserbek.zangadiluly@ayu.edu.kz)
<https://orcid.org/0009-0007-3082-8916>

РУСТЫҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ*

Аңдатпа: Мақалада моңғол әскерлерінің қуатты әскери күшіне, шебер соғыс тактикаларына сүйене отырып, қысқа мерзімде орыс кінәздіктерін жаулап алу барысы, орыс кінәздары мен халқының шапқыншылыққа қарсы күрестері, Бату хан қолбасшылығындағы Шыңғыс Хан ұрпақтары қосындарының жаулап алу барысында орыс кінәздіктерінің ішкі қайшылықтары мен саяси бөлінуін де тиімді пайдалана білгендігі баяндалады. Жошы ұлысының негізінде құрылған Алтын Орда мемлекетінің өздері жаулап алған орыс халқына өзінің ұлттық мәдениетімен, мемлекет құру ұлы идеясымен ерекше әсер етуімен қатар, Рустың өзіне тән ұлттық мәдениетінің, православиелік ұлттық діни дүниетанымының, ұлы империялық мемлекет құру идеясының қалыптасуына ерекше әсер еткендігі дәлелденеді. Рустың Алтын Орда мемлекетінің құрамындағы орны сипатталады. Алтын Орда билігі кезінде Рустың саяси, экономика, сауда, дін, мәдениет, сыртқы байланыстар және басқа да салаларында елеулі өзгерістер мен жетістіктерге жеткендігі сарапталады. Рус кінәздіктерінің бірігіп келешекте Ресей империясын құруына осы Алтын Орда кезеңінде объективті түрде негіз қаланғандығы, Батыс жорығының рус өмірінде елеулі өзгерістер ала келгендігі, отандық тарихшы ғалымдардың зерттеулері мен Қытай, Түркия, Иран, Ресей, Франция елдерінің тарихи жазбалары мен зерттеулері негізінде дәлелденеді.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Моңғол әскері, Орыс кінәздігі, Православие шіркеуі

* Келген күні: 9 сәуір 2024 ж. – Қабылданған күні: 23 тамыз 2024 ж.

Date of Arrival: 9 April 2024 – Date of Acceptance: 23 August 2024

Geliş Tarihi: 9 Nisan 2024 – Kabul Tarihi: 23 Ağustos 2024

Поступило в редакцию: 9 апреля 2024 г. – Принято в номер: 23 августа 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1467176



Nosserbek Zangadiluly

researchers, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan (nosserbek.zangadiluly@ayu.edu.kz)
<https://orcid.org/0009-0007-3082-8916>

**THE ROLE OF THE GOLDEN HORDE IN THE
UNIFICATION OF RUSSIA**

Abstract: This article examines the invasion of the Russian Principalities by Mongol soldiers, who were able to conquer the region quickly due to their military skills and tactics. The article also discusses the resistance of the Russian Principalities and their people against the invasion. It explores the utilization of internal conflicts and political divisions within the Russian Principalities by the descendants of Genghis Khan under the command of Batu Khan during the invasion. The Golden Horde state, which was established on the foundations of the Jochi ulus, had a significant impact on the national culture and state-building tradition of the Russian people they subjugated. The study aims to reveal the influence of the Golden Horde on the formation of Russia's national culture, Orthodox worldview, and the idea of building a great imperial state. Additionally, it evaluates Russia's place within the Golden Horde and analyzes the changes and developments in politics, economy, trade, religion, culture, foreign relations, and other areas during the reign of the Golden Horde. It is noteworthy that the unification of the Russian Principalities and the establishment of the Russian Empire were initiated during the Golden Horde period. Furthermore, the Western campaign brought about significant changes in the lives of the Russian people. These assessments are supported by the research of local historians, as well as historical records and studies from China, Turkey, Iran, Russia, and France.

Keywords: Golden Horde, Mongol soldiers, Russian Principalities, Orthodox Church

Кіріспе

Жошы ұлысы негізінде құрылған Алтын Орда мемлекеті Шыңғыс ханның төрт ұлы хандығының бірі саналады. Қытай, Моңғолия деректерінде батыс Моңғол хандығы деп те аталады. Ол

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыға берген еншісі негізінде қалыптасып кеңейтілген мемлекет. Басында Жошы ұлысы деп аталды.

Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошы хан 1227 жылы қайтыс болғаннан кейін оның тағына екінші ұлы Бату отырады. Бату ханның кезінде Жошы ұлысы барынша кеңейді. 1235 жылғы құрылтайда Бату хан қонысымен көршілес толық бағындырылмаған Рус кінәздіктерін басып алу жөнінде шешім қабылданды. Бұған дейін рус өз алдына бөлек кіші кінәздіктерге бөлініп тұрған болатын. Бату хан әуелі Қыпшақ даласындағы түрлі күштерді толық біріктіріп, Жошы ұлысын нығайта түсті. Тарихшы Зардыхан Қинаятұлы мемлекетті Жошы-Қыпшақ ұлысы деп атаған. Мемлекет атауы рус деректерінде Алтын Орда деп аталады. Рус кінәздіктері Алтын Орда үшін салық төлеп тұратын бағынышты ел есебінде болды.

Тақырыпты талдаудың мақсаты мен міндеттері

Биыл елімізде Жошы ұлысы құрылғандығының 800 жылдығы тойланғалы отыр. Әрине, мақсат той тойлау емес, ұлы тарихымызды түгелдеп оны жас ұрпаққа ұғындыру. Алтын Орда мемлекетінің негізі болған Жошы ұлысының тарихы біздің ұлы тарихымыз дейтін себебіміз, тек ғана біздің ұлы даламызда құрылғандығынан деп ғана қарастырсақ қателесеміз. Себебі, Шыңғыс ханды дүниеге әкелген сахарадағы ежелгі ру-тайпалар мен қазақ халқы арасында тарихи тамырластық жатыр. Сол үшін де, бұл тарихтан бойымызды аулаққа сала алмайтынымыз анық. Бұл мақаламыздың мақсаты Шыңғыс ханмен тарихи тамырластығымызды дәлелдеу емес. Бірақ Алтын Орда мемлекетін насихаттап зерделеуіміздегі басты мақсатымыз өз тарихымызды түгелдеу, нәсихаттау.

Ал мақаламыздың мақсатына келсек, рустың біртұтас ел болып бірлікке келуіндегі Алтын Орда мемлекетінің атқарған маңызды рөлін дәлелдеу. Алтын Орданың русты бірлікке келтірудегі атқарған рөлдерін саяси, мәдени, экономикалық, діни, әскери-дипломатиялық жақтарындағы рөлі деп бес бөлімге бөліп түсіндіруді жөн көрдік. Әрине сыртқы байланыстары, дүниетанымының қалыптасуы жақтарындағы рөлі деп ары қарай жіктей беруге болар еді. Бірақ бұның бәрі бір мақаланың мазмұнына сия қоймайтыны анық. Зерттеу мақсатына жету үшін отандық зерттеулер мен Қытай, Түркия, Иран, Ресей, Франция қатарлы бірнеше мемлекеттің тарихи материалдарымен қоса зерттеу материалдарын зерделедік. Батыс пен шығыс зерттеушілерінің тарихи еңбектерін пайдаландық.

Зерттеудің ғылыми әдіснамасы

РУСТЫҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

Мақалада тарихты зерттеудің дәстүрлі әдіснамалары негізге алынды. Тарихи деректерге сүйену арқылы сол деректер дәлел ретінде қолданылды. Белгілі бір пікірлерге байланысты нақты тарихи деректермен дәлел келтіріліп басқаша пікірлер ортаға қойылды. Тарихи деректер мен тарихи уақиғаларды дәлел ретінде пайдаланылды. Тарих зерттеудің дәстүрлі әдіснамалары қолданылды. Бірақ автордың пікірінен өзгеше пікірлер шеттетілместен мәселенің екіншісі, үшінші себептері ретінде қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары

Алтын Орда билігі Мәскеудің ұлы кінәзінің шашыраңқы орналасқан Рус кінәздіктері мен дворяндарының күшін әлсіретуіне көмектесті. Бұл Мәскеу ұлы кінәзінің билігінің күшеюіне мүмкіндік берді. Рустың билікті орталыққа шоғырланлырған көп ұлтты мемлекет құруына негіз қаланды. Алтын Орданың православиелік шіркеуді қолдау саясатының арқасында рус аймақтарында православиелік христиан діні кеңінен таралып, біртіндеп рус халқын біріктіретін идеологияға айналды. Алтын Орда билігінің Рустың бірлікке келуінде елеулі рөл атқарғандығын дәлелдеді. Мақала жоқтан бар жасаған жоқ. Және басқа пікірлерді мүлдем жоққа шығарған жоқ. Тақырыпқа байланысты айтылып жүрген түрлі пікірлердің нақты жағдайлардағы алатын орнын айқындады.

Мақалада рустың бірлікке келуіндегі біртұтас ел болуындағы Алтын Орданың атқарған рөлін салаларға бөліп талқыладық. Бірнеше елдің деректері мен зерттеулеріндегі русқа қатысты тұстарын тауып оқып зерттедік. Кейбір деректер мен зерттеулерге сүйеніп рустың моңғолдардан жеңліуінің басты себебі, Рус кінәздіктері арасындағы берекесіздіктен деп қорыта салуға болмайтынын дәлелдедік. Бұл аталмыш пікірді жоққа шығарғандық емес. Рустың моңғолдардан жеңіліп, Алтын Орда құрамына кіруінің бірінші себебі, әуелі моңғол әскерінің қуатты болғандығынан. Екіншіден аталмыш Рус кінәздіктері арасында ортақ ұлттық мемлекеттік идеологияның болмағандығынан екендігін дәлелдедік. Ал рустың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып шапқыншылыққа қарсы күрес жасай алмауы, екінші себептің нәтижесі деуімізге негіз бар. Яғни Алтын Орда дәуіріне дейін біртұтас Ресей мемлекеті, біртұтас орыс ұлты деген ұғым болмаған. Ортақ ұлттық және мемлекеттік идеологиясы мен ортақ мүдделері болмаған шағын бөлек иеліктердің бір мақсатқа жұмыла қоймайтыны белгілі жағдай. Сол үшін де мақалада рустың бірлікке келуіндегі Алтын Орданың рөліне баса мән бердік.

Мақалада Қытай зерттеулері көп қолданылғанымен оның сүйенген деректерінің бір бөлегі Ресей жылнамалары болып табылады. Сол себепті мақалаға Ресей жылнамаларына байланысты қытайлық тарихшылардың зерттеулері негізгі арқау етілді. Деректер мен зерттеулерді салыстырғаннан көрі құндылығы жоғары деректерді пайдалануды жөн көрдік. Рустың біртұтас ел болуындағы Алтын Орданың атқарған рөлінің өзі айтылып жүрген түрлі пікірлерге ең ұтымды жауап бола алады деп ойлаймыз. Мақсатқа жету үшін бірнеше елдің деректерімен зерттеулерін қолдандық. Түрлі пікірлерді оқып зерттедік. Түсінікті болу үшін бөлімдерге бөліп талқыладық.

Мақалада қолданылған Ресей деректері мен қытай тіліндегі зерттеу мақалаларының бір бөлімінің қытай тіліндегі аударма нұсқалары пайдаланылды. Франциялық тарихшы ғалым Рене Груссенің еңбегінің де қытайша нұсқасын пайдаландық. Ол материалдар әуелгі өз тіліндегі нұсқаларымен салыстырылған жоқ. Орысша материалдардың кейбірінің орысша нұсқалары, кейбірінің қытайша аударма нұсқалары пайдаланылды. Мақалада тарихи деректердегі ескі атуына сүйеніп «Рус» деп қолдануды жөн көрдік.

Сондай-ақ, кісі аттарын тағы басқа атуларды мүмкіндігінше қазақша грамматикалық ережелерге сай аударып қолдандық. Қытай тіліндегі атаулардың қазақ тіліндегі аудармасын қолдандық. Ол атаулар қазақша материалдарда да көбінесе орысша аудармасымен қолданылатындықтан, түсінікті болу үшін пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қазақша аудармасының қасына жақша ішінде орысша аудармаларында қоса бердік. Қытай тіліндегі және басқада шетел тіліндегі атаулардың қазақша аудармасын қолданып үйренуіміз керек. Яғни өзіміз пайдаланған әдеби атаулардың орысшасын емес, қазақшасын қолдануымыз керек. Қытай деректеріне келсек, қытайда қазақ тілін қастерлейтін екі миллионнан астам қандасымыз тұрады. Қазаққа қатысты қытай тіліндегі деректерінің денін олар әлдеқашан қазақшаластырып қойған. Осы салада қытайдағы қандастарымыздың еңбегін пайдалана білгеніміз дұрыс деп қараймын. Мақаламыздың мақсаты шетел тіліндегі атуларды аудару қолдану туралы емес. Дегенмен мақаламызда шетел атаулары, оның ішінде қытай тіліндегі атаулар, кісі аттары жиі кездесетіндіктен оның қолданыстары туралы да түсінідіре кетуді жөн көрдік.

Алтын Орда мемлекеті құрылғанға дейін рус кінәздік деп аталатын шығыс славяндары ұсақ бөлек иеліктерге бөлініп тұрған болатын. Алтын Орда құрамына кіргенге дейін осы кінәздіктер

РУСТІҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

арасында жиі талас-тартыс соғыстар болып тұрды (Уаң Йө, 1994, 446). Киев русі кінәздігінің қысқа мерзімді билігінен кейін рус феодалдық сепаратизм кезеңіне өтіп, кінәздіктер арасында билікке талас күннен-күнге күшейді. Нәтижесінде бүкіл Киев русі Новгород, Киев сияқты он шақты князьдікке бөлінді. Әр кінәздар өз кінәздіктерінің әскери, саяси, сот, шаруашылық және басқа істерін өздері жеке басқарады. Қытайдың Ресейтанушы тарихшы ғалымы Шүй Жиң шиөнің (Сюй Цзинсюэ) «Ресейдің тарихи қолжазбалары (俄国史稿)» атты еңбегіне негізделсек, рус кінәздіктері арасында соғыс жиілеп бүкіл ел берекесіздікке бет алған. Феодалдық кінәздіктердің бытыраңқы орналасуына және олардың арасындағы қақтығыстардың өрши түсуіне байланысты Рус сыртқы күштердің шапқыншылығына қарсы төтеп бере алмайтын күйге түскен болатын (Шүй Жиң шиө, 1989, 266).

1223 жылы моңғол әскері Қыпшақ сахарасына басып кірді. Қыпшақтар рус кінәздіктерінен көмек сұрайды. Рус кінәздіктері уақытша қосын жасақтап көмекке аттанады. Дегенмен өз күштерін сақтап қалуды мақсат еткен рус кінәздары шайқасқа құлшыныссыз болады. Нәтижесінде рус-қыпшақ біріккен қосындарымен шайқаста моңғолдар жеңіске жетеді. Рус әскері Қалқа өзенінің жағасында моңғол әскерлерінен ойсырай жеңіледі. Осылайша 1223 жылғы 31 мамырдағы Қалқа өзеніндегі шайқас рус әскерінің жеңілуіне себепші болды (Қинаятұлы, 2004,1256). Рус кінәздіктерінің шашырыңқы орналасуына және өз араларындағы қайшылықтардың күшейуіне байланысты рус шапқыншылыққа қарсы тұра алмады деу біржақты пікір болып саналады. Бұл ең әуелі моңғол әскерлерінің қуатты екендігін білдіреді. Екіншіден, сол кездегі рус кінәздіктерінің тек тайпалық және аймақтық мүдделері ғана бар бөлек иеліктер екендігін, біртұтас рус деген ортақ ұлттық және мемлекеттік ұғымның жоқ екендігін білдіреді.

1235 жылғы құрылтайда Бату хан қонысымен көршілес жатқан Бұлғар, Астар, Рус секілді әлі толық бағынбаған елдерді бсып алу ұйғарылды. 1236 жылы Үгедей хан Еуропаға үлкен әскери қосын аттандырады. Жошы ханның екінші ұлы, Жошы ұлысының ханы, батысқа жорық қосынының бас қолбасшысы Бату хан қосынды бастап Еділ өзеніне жетеді. Ал ардагер қолбасшы Сүбетай ноян да соғысқа қолбасшы ретінде қатысады (Сафарғалиев, 2014, 246). 1236-1237 жылдардағы сұрапыл соғыстың нәтижесінде моңғол әскерлері Қыпшақ елін толық басып алады. 1237 жылы моңғол әскері рус шекарасында жетеді. Франция тарихшысы Рене Груссенің пайымдауына негізделсек, Рус кінәздіктері осы кезде сарайларында мұрагерлік құқығына байланысты ішкі дау-дамайлармен әбігер болып, бір жағынан өз

аумақтарын кеңейту мақсатында бір-бірімен соғысып, ішкі алауыздыққа бой алдырып, жаудан қорғану шараларын дұрыс үйлестіре алмаған. Моңғолдардың шапқыншылығын Рус кінәздарі көшпелілердің жәй бұлаңшылығы деп бей-жай қараған. Осы орайда моңғол әскері бір айға жетпей рустің солтүстік-шығыс аймағын түгел жаулап алған (René Grousset, 1989, 2386).

Дегенмен, рустар моңғол шапқыншылығына қарасы аянбай күрес жасай алмады деу біржақты пікір саналады. Бату қосындары да бытыраңғы рус аймақтарына бөлініп шабуылдады. Сол үшін де моңғол әскерінің қуатты болуы рустың жеңілуінің бірінші себебіне жатады. Рустарда соғысу мүмкіндігі болды және соғысты. Оған дәлел 1238 жылдың қаңтарында Бату хан сарбаздарын төрт бағытқа бөліп, бір айдан астам уақыт ішінде Мәскеу, Ростов, Суздаль қатарлы он шақты қаласын басып алды. Сол жылы ақпанда кінәздіктің қолқа жүрегі саналатын Владимир қаласын қоршауға алды. Кінәз Сить өзені жағалауына қарай шегінеді. Бес күндік қиян-кескі шабуылдау арқылы Моңғол әскері Владимир қаласын басып алып зор көлемді өртеу мен тонушылық жүргізеді. Сол жылы наурыз айында Бату ханның қосыны Сить өзені жағалауына бекінген рус әскерінің қонысына шабуыл жасап, кінәзді өлтіреді. Козельск қаласындағы сарбаздар мен халық бұқарасы қала алынғанға дейін аянбай қарсылық көрсетті (Хан Рулин, 2008,1446).

Қысқа мерзімде русьты жаулап алу әуелі моңғол әскерінің әскри қуатының күшті екендігін аңғартады. Ал, екінші жағынан алғанда русьтың өз ішінен бөлінуі мен феодалдық күштер арасындағы соғысы олардың онсыз да шектеулі қорғаныс күшін онан ары әлсіретіп жіберді. Атап айтқанда, кінәздар арасындағы ішкі талас-тартыстардың өршуі рус әскерінің жойылуының екінші себебі саналады. Соғысқа дейін кінәздіктер өздерінің жеке биліктерін күшейту, иеліктерін кеңейту мақсатында ұзақ жылдар өзара қырқысумен болды. Тіпті өз қарсыластарына шабуыл жасау үшін сыртқы күштермен одақтасуға дейін барды. Моңғолдармен соғыс кезінде кінәздіктер күшті жаумен күресу әдістерін дұрыс үйлестіре алмады. Мұның бәрі Рус кінәздіктерінің жеңілісіне әкеліп соқты. Ортақ ұлттық мемлекеттік ұғымы мен құндылықтары болмаған жекелеген рус кінәздіктерінің шапқыншылыққа бірлесіп қарсы күрес жасай алмайтыны таңғаларлық жағдай емес.

Моңғолдардың Батысқа жорығының нәтижесінде Жошы ұлысының аумағы кеңейді Бұл Ұлық ұлыс рус деректерінде Алтын

РУСТІҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

Орда мемлекеті деп аталды. Осы Алтын Орда мемлекеті рус жерін толық жаулап алғаннан кейін шашыраған рус иеліктерінің бірлікке келуіне елеулі ықпал етіп маңызды рөл атқарды.

1. Русың бірлікке келуіндегі Алтын Орданың саяси жақтағы рөлі.

Алтын Орда тұсында рус билікті орталықтандыруға кірісті. Алтын Орда хандары Рус кінәздіктерін жаулап алғаннан кейін оларға тіке билік жүргізбей, русы Алтын Ордаға салық төлеп тұратын вассалдық мемлекетке айналдырды. Алтын Орда хандары Владимирды русың ұлы кінәзі етіп басқа кінәздардан оған бағынуды талап етті. Владимирге мойынсұнбай қарсылық көрсеткендерді басып-жаншып отырды (Қинаятұлы, 2004, 133б). Сондықтан Ресейдің бірлікке келуінде Алтын Орда жетекші рөл атқарды деуімізге толық негіз бар.

Алтын Орда тұсында русың бір-біріне бағынбайтын барлық кінәздіктері бірлікке келтірілді. Барлық Рус кінәздіктері Алтын Орда билігіне бағынуға мәжбүр болды. Алтын Орда хандарына ант береннен кейін бүкіл русың билігі ұлы кінәз Владимирдің қарамағына берілді. Өз аумағында алым-салық жинау, халықтың қарсылығын басу- барлығы осы ұлы кінәзға жүктелді. Сонымен қатар, басқа кінәздарді ұлы кінәзға бағынуға мәжбүрледі. Осы орайда бас-басына би болып, бір-бірімен қырқысып келген Рус кінәздіктері бірте-бірте орталық ретінде Владимир кінәздігінің төңірегіне күшпен топтастырылды. Русың мемлекеттік жүйесі қалыптаса бастады.

Алтын Орда хандарының қолдауы және бүкіл Рус кінәздарының мойынсұнуы рус ұлы кінәзінің автократиялық билікке деген қызығушылығын пайда қылды. Бұл жағдай бірте-бірте рус ұлы кінәздарының аумақты кеңейтуге және автократиялық билікке қол жеткізуге деген ұмтылысын күшейте түсті. Атап айтқанда, моңғол әскерінің батыс жорығы мен Алтын Орда билігінің русті жекелеген кінәздіктерінің билігін әлсіретіп, рус ұлы кінәзінің билігін күшейтуі русың саяси жақтағы бірлігін күшейтті. Русы біртұтас саяси билікке бағындырды. Алтын Орда хандары тағайындаған бүкіл рустің ұлы кінәзінің бүкіл Рус кінәздіктерін басқаруына, мемлекет басқарудың жүйесін жасауына, іргесін кеңейтуіне, саяси қарсыластарына шабуыл жасауына тиімді орай мен мүмкіндік берілді. Мұнан тыс ұлы кінәздің өзіне салықтық жеңілдіктер берілді. Саяси билік рус ұлы князінің бүкіл Русті кінәздіктері алдындағы ықпалын күшейтті. Ал салықтық жеңілдіктер оның экономикалық қуатын арттыруына мүмкіндік берді. Мәскеу кінәздігі бүкіл русың билігін иеленіп тұрған кезеңде ерекше

күшейді (Су Руишиө, 2010, 816). Ұлы кінәз көріністе Алтын Орданың Русты билеу үшін тағайындаған өкілі секілді көрінгенімен, іс жүзінде Алтын Орда берген ерекше құқықтар Мәскеу ұлы кінәзінің бүкіл рустың саяси, экономикалық және әлеуметтік билігін толығымен өз қолына шоғырландыра отырып, бүкіл рустың билігін орталықтандыруына мүмкіндік берді. Автократиялық билігі нығайған Мәскеу саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан жедел күшіп, елді бірлікке келтіру және өз аумағын үздіксіз кеңейтуді жүзеге асырды. Рустың билікті орталыққа шоғырландырған көп ұлтты мемлекет құруына негіз қаланды.

2. Алтын орданың рус экономикасының дамуындағы рөлі

Алтын Орда мемлекетінің құрылуы батыс пен шығыс арасындағы экономикалық барыс-келістерді және мәдениет алмасуларды күшейтті. Алтын Орда хандары сауда-саттыққа ерекше көңіл бөліп, шығыс пен батыс арасындағы сауда жолдарының қауіпсіз әрі кедергісіз болуын белсенді түрде қамтамасыз етті. Алтын Орда дәуірінде Ұлы жібек жолы саудасы ерекше өркендеп дамыды. Алтын Орда хандары сауда-саттықты дамыту мақсатында Рус кінәздіктерін сауда айырбастарына қатысуға және сауда қызметін жүзеге асыруға ынталандырып қолдап отырды. Алтын Орданың сауда-саттық желісінде және іскер топтары арасында рус маңызды тауар айырбастау орталығы рөлін атқарды. Тауар шаруашылығының дамуы Рус кінәздіктері арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтты. Бұл белгілі бір мағынада болашақта біртұтас рус мемлекетінің құрылуына алғышарттар әзірлеп берді.

Алтын Орда хандарының сауда саясаты рустің сауда саласын жандандырып ғана қоймай, қолөнер кәсібінің, егін-мал шаруашылығының дамуына да елеулі ықпал етті. Рус экономикасының тез қарқынмен дамуына мүмкіндік берді. Экономикалық өркендеу объективті түрде саяси бірігуді талап етті. Рустың бірлікке келуі берік материалдық негізді қажет етті. Ұлтты біріктірудің қолдаушылары және орындаушылары саналатын экономикалық даму үдерісінен пайда көрген көпестер, дворяндар, феодалдық помещиктер тобы қалыптасты. Осылайша Алтын Орда дәуірінде рустың келешек бірігуінің экономикалық негізі қаланды (Ман Шияуяң, 2011, 346).

Мәскеу бастапқыда Ока өзенінің бойында орналасқан бір шағын қалашық еді. Біртіндеп бүкіл рустың саяси, экономикалық, мәдени орталығына айналды. Бұл барыста Алтын Орда хандарының бүкіл Рус кінәздіктерін күшпен Мәскеу кінәздігінің төңірегіне топтастырып беруі

РУСТЫҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

басты рөл атқарды. Ал Мәскеудің көркейіп гүлденуінің екінші себебі ретінде Мәскеудің төмендегі өзіне тән басымдылықтарын атауға болады.

Біріншіден, Мәскеудің орманы қалың, топырағы құнарлы болғандықтан ауыл шаруашылығын дамытуға тиімді болды.

Екіншіден, Мәскеудің су және құрлық тасымалының торабында орналасқан тиімді географиялық ортасы да маңызды рөл атқарды. Мәскеу оңтүстігінде Ока, Еділ және Дон өзендері арқылы Қара теңізге байланысады. Батысында Смоленск арқылы Литвамен байланысады. Солтүстік-батысқа қарай Новгород арқылы Балтық теңізіне байланысады. Мәскеу осы географиялық тиімділігінің арқасында транзиттік сауда-саттық орталығына айналды және орасан зор пайдаға кенелді (Жия Бауви & Жияң Луңхай, 2011,746).

Үшіншіден, Мәскеу Қауіпсіз географиялық ортаға ие болды. рустың солтүстік-шығыс орталығында орналасқан болып айналасын көптеген кінәздіктер қоршап тұрғандықтан сыртқы шапқыншылық күйіптеріне аз ұшырайтын еді. Географиялық қауіпсіздік дамудың кепілі екендігін ескерсек, Мәскеудің бұл тиімділігін де ескеруге тура келеді.

Осылайша, өзінің тиімді географиялық ортасы мен табиғи жағдайларының арқасында Мәскеу біртіндеп ауыл шаруашылығы, қолөнер және сауда орталығына айналды.

3. Алтын Орданың Рус мәдениетінің еуразиялық ерекшелікке ие болуындағы рөлі

Рус Алтын Орданың қарамағына кіруіне байланысты жалпы еуразиялық оқиғалар процесіне қатысты. Соның нәтижесінде рустар арасында еуразиялық мәдениет қалыптасты. Алтын Орда билеген кезеңдер рус мәдениетінің өркендеу кезеңі саналады. Алтын Орданың сыртқы байланыстарының кең көлемде дамуы рус мәдениетінің батыс және шығыс бөліктеріне ерекше өзгерістер әкелді. Рустың батыс-шығыс екі бөлегі біріктіріліп, бір-бірін толықтырып, мәдениеттің жаңа түрі саналатын еуразиялық мәдениетті қалыптастырды.

Ресей ғалымы П.Н.Савицкий рус мәдениетінің үлкен бөлігі еуразиялық мәдениетке жатады деп санайды. Еуразия мәдениеті еуропалық мәдениет те, азиялық мәдениет те емес, екі фактордың механикалық қосындысы да емес, оларға қарама-қарсы аралық мәдениет. Православиелік-христиандық дәстүрі секілді көптеген факторлардың негізінде қалыптасқан өзгеше мәдениетке жатады. Ал, осы еуразиялық өзгеше мәдениеттің өзегі түрік-моңғол мәдениетінің

пайда болуы мен дамуымен байланысып жатыр. Жүйеден еуразиялық мәдениеттің пайда болуына моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда мемлекетінің құрылуы себеп болды. Славяндардың шығыс мәдениетін түсінуі XIII ғасырдағы Алтын Орда билеген кезеңдерден бұрын басталғаны анық. Ежелгі дәуірлерде де шығыс славяндары сахара халықтарымен кең ауқымды қарым-қатынаста болған. Олардың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі туралы білген. Соғыс, тонаушылық, сауда және басқа да процестер шығыс славяндары мен сахара халықтарының қарым-қатынастарының өзіндік типтік формалары болғандығын аңғартады. Дегенмен, Алытын Орда дәуірінде ғана рустың шығыспен байланысы қатты дамыды. П.Н.Савицкий «Татар билігі болмаса, руста болмас еді» деп түйіндеуінің себебі міне осында (Ман Шияуяң, 2011, 346). Рус Алтын Орда дәуіріне дейін ешқашан еуразиялық мәдениетке ие болған емес. Рустардың бүкіл Еуразия құрлығын қамтыған қуатты ел құру идеясын Алтын Ордан алғандығы анық. Рус еуразиялық мәдениетінің маңызды бөлігі болып саналады. Алтын Орда дәуірінде рус мәдениеті еуразиялық сипатқа ие болды.

4. Алтын орданың рустың ұлттық діни дүниетанымының қалыптасуы мен дамуындағы рөлі

Алтын Орда хандары өздері ислам дінін қабылдап, Ясауи жолын мемлекеттік идеология еткенімен, олар ислам дінін Алтын Ордаға қарасты барлық халықтарға күшпен тартқан жоқ. Алтын Орда хандары бірінен соң бірі Шыңғыс ханның «Ұлы жосығында» (Ұлы заң) бекітілген діни толеранттық саясатын ұстанып, еркін діни саясат жүргізіп, жаулап алған аймақтардағы халықтардың діни наным-сенімдеріне шектеу қоймастан, керісінше жергілікті діндердің дамуына қолдау көрсетті. Барлық діндердің еркін дамуына мүмкіндік берді. Православиелік христиан дінін ұстанатын рус аймақтарына келсек, Алтын Орда билігі православие шіркеуіне де ерекше көңіл бөлді. Шіркеулерге көптеген мүмкіндіктер беріп, оның дамуына қолдау көрсетті. Дін қызметкерлерінің мәртебесін көтерді.

Моңғол шапқыншылығынан бұрын христиандандыру процесінің рус халқының өміріне әсері өте аз болды. Православиелік христиан дініне сенушілер қала тұрғындарын негіз етті. Шамамен бүкіл халықтың 0,5% ғана құрады. XIII ғасырға дейін діни қызметкерлер мен монахтар негізінен жоғарғы тап өкілдері мен қала тұрғындарына қызмет етті. Ал, Алтын Орда дәуірінде монастырьлар қалалардан

ауылдық жерлерге, өркениетті аймақтардан мешеу аймақтарға қарай кеңейе бастады (Жия Бауви & Жияң Луңхай, 2011, 76 б).

Православие шіркеуі Алтын Орда берген түрлі алым-салықтан, халықтық тіркеуден, еңбектен босатылу сынды көптеген жеңілдіктерге ие болды. 1350 жылдары Алтын Орда билігі шіркеулерге берген салықтан босату жеңілдіктеріне ие болатындардың тізіміне аббаттарды, монахтарды кіргізді. 1259 жылы Псков пен Новгородқа салық салғанда монахтарды, аббаттармен қоса абыздар мен басқа да барлық дін қызметкерлерін салықтан босатты. 1267 жылы шіркеуге арнайы жарғы шығарылды (Жаң қай, 1994, 1446). Нәтижесінде шіркеу үлкен қолдауға ие болды. Бұл саясаттар рус православие шіркеуінің дамуында үлкен рөл атқарды. Салықтық жеңілдіктер православие шіркеуіне егіншілікке фермерлерді көптеп тартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, көптеген қолөнершілер де шіркеуді паналай бастады. Шіркеудің экономикалық жағдайы айтарлықтай жақсарды. Бұл шіркеуге деген қызығушылықты күшейтті. Киев русі дәуірінде қоғамның жоғарғы табы мен қала тұрғындары христиан дінін қабылдағанымен, кең байтақ ауылдық жерлердегі көптеген фермерлер мен қарапайым халық көпқұдайшылдыққа сенетін пұтқа табынушылар болды. Шіркеудің кеңеюімен, Алтын Орда билігінің соңына қарай, рус аймақтары негізінен православиелік сенімге өтті. Алтын Орда дәуірінде шіркеудің беделі көтеріліп қана қалмастан, Шіркеу рус өмірінің - саясатының, экономикасының, мәдениетінің маңызды орталығына айналды.

Алтын Орда билігінің православие шіркеуін қолдау және қорғау саясаты оның бұрын-соңды болмаған дамуы мен өркендеуіне мүмкіндік берді. Рус шіркеулері кінәздардың озбырлығынан құтылып, оларға тәуелділігі азайды. Ұлы Герцог пен архиепископ және басқа да діни қызметкерлердің мәртебесі күннен-күнге жоғарылады (Хуан Чюди, 2007). Бату, Берке хандардың кезінде діни қызметкерлерді салық төлеуден, тегін еңбектен босатудан тыс, әкімшілік құрлым мүшелерінің құрамына кіргізілді (Бүркітбай Аяған, 2020, 496). Осы құқықтарды пайдалана отырып, шіркеу феодалдарының билігі күшейтілді. Салықтан босату жеңілдігі мен сот құқығы шіркеуді тәуелсіз монархқа айналдыра бастады.

Қытайдың ресейтанушы ғалымы Яо Хайдың (Яоу Хай) «Шығыс пен Батыс арасы -Александр Невскийдің дипломатиясы және оның бағалануы (在东西方之间-涅夫斯基外交及其评价)» атты зерттеу мақаласында Рус кінәздары кейін келе батысқа жақындағаннан көрі Алтын Орда хандарымен етене дос болуды дұрыс деп шешкен. Бұндағы

басты себеп батыспен одақтас болу Рус жерінде батыс ықпалының күшейуіне әкеліп соғатыны белгілі еді. Рус кінәздіктеріне католиктік бағыттағы Еуропамен саяси одақтас болу православие шіркеуінің дамуына тиімсіз болатын еді. Алтын Орда құрамында болу русты Еуропаның католиктіктік ағымының ықпалынан қорғап, православиелік ағымының терең таралуына мүмкіндік берді (Яау Хай, 2010, 1086).

Православиелік діни ағымы рус аймақтарында кеңінен таралып, біртіндеп рус халқының ұлттық діни сеніміне айналды. Бұл Алтын Орданың православиелік шіркеуді қолдау саясатымен байланысты екені сөзсіз, сондықтан Алтын Орда билігі руста православиелік христиан дінінің таралуы мен дамуына үлкен ықпал етті. Рус православие шіркеуі еркін даму кеңістігіне ие тәуелсіз ұлттық шіркеу болды. Біртіндеп орыс халқын біріктіруде, орыс халқының ұлттық сана-сезімін оятуда маңызды рөл атқарды. Ресейдің ұлт-азаттық күрестеріне рухани қуат берді.

5. Алтын Орданың рустың әскери және дипломатиялық саласындағы рөлі

Бүкіл рус ұлы кінәзінің орны бүкіл Рус кінәздарінің бәсекелестік нысанасына айналды. Олардың барлығы Алтын Орда ұлы ханының сеніміне кіріп көңілінен шығуға тырысты. Алтын Орданың қолдауы русқа Швеция, Германия, Дания және Литва сияқты қуатты батыс елдерімен теке-тірестер кезінде үлкен арқа тірек рөлін атқарды. Алтын Ордаға вассалды тәуелді болуы батыс идеологиясының русқа енуін әлсіретіп, рустың батыс ықпалынан сақтануына және территориясын сақтап қалуына мүмкіндік берді. Әуелі Алтын Орданың қуатты әскери күшіне арқаланған Рус кінәздары батыс алдында үлкен басымдыққа және үлкен беделге ие болды.

Мәскеу кінәздігі билігінің күшеюі біртұтас Ресей мемлекетінің құрылу процесін тездетті. Мәскеу кінәздігін біріктіру процесінде Мәскеу ұлы кінәзінің икемді әскери және дипломатиялық стратегиялары маңызды рөл атқарды. Мәскеудің ұлы кінәзі Юрий Данилович Алтын Орданың әскери-дипломатиялық қолдауын пайдаланып, қарсыласы Владимирдің тағын тартып алды. Ұлы кінәз Иван Данилович Калита Алтын Орда хандарының сеніміне кіріп, Алтын Орда әскерінің көмегімен өзінің саяси қарсыласы Тверь ұлы кінәзі Александрдың көзін жойып, Мәскеу экспансиясына кедергілерді жоғалтты. Шығыс пен батыстан күшті жаулардың бірігіп басып кіру қаупі төнген жағдайда Иван III Алтын Орда хандарының ішкі қайшылықтарын пайдаланып, Қырым

РУСТЫҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

хандығымен ынтымақтастық орнатты (Яау Хай, 2010, 104-105б). Бұл дипломатиялық стратегияның Мәскеу үшін русты біріктіру және бөгде биліктен құтылу жолында аса маңызды рөл атқарғанын фактілер дәлелдейді. Қырым хандығының және Алтын Орданың әскери қолдауынсыз Мәскеудің күшеюін және рус ұлттық мемлекетінің құрылуын елестету мүмкін емес.

Осылайша рустың бірлікке келуінің негізі қаланды. Ал, рустың бірлікке келуінің негізінің күшейуі арықарай Алтын Орданың әлсіреуімен тығыз байланысты болды. Сол үшін Алтын Орданың әлсіреуінің себептеріне де талдау жасауымызға тура келеді.

Алтын Орданың әлсіреуінің бірінші себебі, Жошы ұрпақтары арасындағы билікке таластың күшейуі. 1427 жылғы Әл-Айнидың шежіресіне негізделсек, сол жылы наурыз айында Қырымды иеленіп алған Дәулетберді ханнан Витовт королы В.Д. Смирновқа екі жол және одан да көп өлеңдер мен мақалдардан тұратын, әртүрлі шешендік шеберліктер мен көркем сөздерге толы хат келеді. Осы хат сұлтанға оқылып берілген және шежіреші Әл-Айнидың өзі осы хат оқылған жиналыста болған. Алайда жиналысқа қатысқандар хаттағы сырлы сөздердің мағынасын түсінбеген. Хатты әкелген адам Дешті жерлерінде (Алтын Орда) үлкен берекесіздік болып жатқанын, үш биеушінің арасында билікке Алтын Орда ұлы ханының орнына таластың қызып жатқанын хабарлаған. Ол үшеудің біреуі Ұлы Мұхаммед хан Сарай мен оған тиесілі жерлерді билеген. Екіншісі Дәулетберді хан Қырым мен оның төңірегіндегі аймақтарды билеген. Үшіншісі Барақ хан Темірлан жерлерімен шектесетін жерлерді иеленіп алған (Тизенгаузен, 1884, 533-534б).

Алтын Орданың құлдырауының екінші себебі, оба ауруының кең көлемде таралуы. 1431 жылы Ұлы кінәз Василий Васильевич Еділ болғарларына шабуыл жасап басып алады (Псковская и софийская летописи, 1846, 171б). Осы кезде Алтын Орда тарапынан қарсылық жасалғаны туралы ешқандай дерек жоқ. Мүмкін оба індетінен халықтың көп қырғынға ұшырауына байланысты Алтын Орда тарапынан Рустарға қарсылық жасалмаған болуы мүмкін. Орта Еділ бойынан, яғни астық қаржы қайнары болған өңірден айырлуы Ұлы Мұхаммедтің тағын онан ары шайқалта түсті.

Осы себепті Алтын Орда билігі рус алдында әлсіздігін екі рет көрсетіп қойды. Оның бірінші көрінісі, Алтын Орданың ханы рус кінәзін тағайындауға дәрменсіз күйге түсті. 1432 жылы Ұлы кінәз Василий Васильевич Галиция мен Звенигородск кінәзі уделдік кінәз

Юрий Дмитриевичпен рус ұлы кінәзінің тағына таласып Ордаға жүгінеді. Бұл туралы орыс жылнамаларында жазылған. Алтын Орда ханы бірде-бір мәселені дербес шеше алмайтын күйге түскен. Мәскеу ұлы кінәзі мен оның вассалы арасындағы дауға ханның бір шешім айтуға дәрмені жетпеген. Ұлық Мұхаммед хан негізі бұрынғы Ұлы кінәз Василий Васильевичті қолдағысы келгенімен, Шырын Тегін қатарлы басқа хан ұрпақтары мен әмірлердің ықпалынан қорқып Юрий Дмитриевич кінәзді қолдаған (Псковская и софийская летописи, 1851, 2646).

Ұлығ Мұхаммедті Алтын Орданың сол кездегі формалды әрі соңғы ханы деуімізге негіз бар. Бұған дәлел, Ұлығ Мұхаммедтің 1428 жылы 14 наурызда Азақ (Тана) қаласында түрік сұлтаны II Мұратқа жазған хатында Дәулетбердінің аты еш айтылмастан, Ұлығ Мұхаммед өзінің мемлекетті иеленудегі жетістіктері туралы хабарлаған (Kurat A. N., 1940:6-8). Ұлығ Мұхаммедтің 1428 жылы 14 наурызда Азақ (Тана) қаласында түрік сұлтаны II Мұратқа хат жазған уақытында Дәулетберді өлген болуы мүмкін.

Екінші көрінісі, тағыда сол жоғарыда айтылғандай, 1431 жылы ұлы кінәз Василий Васильевич Еділ болғарларына шабуыл жасап басып алған кезде Алтын Орда билігі дәрменсіздік танытып, бұл іске араласа алмаған (Сафарғалиев, 2014: 272).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Алтын Орданың қолдауында Рустың православиелік ұлттық діни ағымы қалыптасты және бүкіл русқа жалпыласты. Рустың еуразиялық сипатқа ие мәдениеті қалыптасты. Экономикасы мен ұлттық өнеркәсібі дамыды. Алтын Орда билігінің Рус кінәздіктерін біріктіруінің нәтижесінде Ресей империясы пайда болуының негізі қаланды. Мәскеу кінәзінің әскери дипломатиясы практикалық қажеттіліктерге бейімделіп, Алтын Орданың әскери-дипломатиялық қолдауын өз қауіпсіздігін сақтау және билігін кеңейтуге пайдаланды. Алтын Орданың қолдауында Ресейдің жер-жеріндегі бір-бірімен жауласқан күштер бір тудың астына біріктірілді. Алтын Орда хандарының әскери-дипломатиялық қолдау көрсетуі олардың тез көтерілуіне себеп болды. Осылайша біртұтас Мәскеу кінәздігі, біртіндеп Ресей империясы пайда болды.

Жалпы Шыңғыс-Жошы әулеті қолбасшылығындағы батыс жорығы Еуразияның көп бөлігін шарпыды. Осы батыс жорығының нәтижесінде рус Алтын Ордаға вассалды тәуелді мемлекетке айналды. Батыс жорығы рус тарихының дамуында, мәдениетінің қалыптасуында,

РУСТЫҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

діни сенімінің біркелкіленуінде, ұлттық идеясының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Алтын Орданың жаулап алуы мен билігінің арқасында Ресейдің бірігуі жүзеге асты. Алтын Орданың рустың бірлікке келу процесіндегі рөлін жоққа шығаруға болмайды.

Әдебиеттер

Аяған Б. (2020). *Ұлық Ұлыс - Алтын Орда мемлекеті тарихы*. Дәрістер жинағы. Алматы: Литера-м.

Дубенюк Н. (1994). *Орыс мәдениет тарихының жинағы*. (Чжан кай). ҚХР Бейжің: Сауда [作者: 杜本纽克. 译者: 张开. (1994). 苏科院历史所列宁格勒分所. 俄国文化史纲. 北京: 商务印书馆].

Жия Бауви & Жияң Лунхай. (2011). Моңғолдың Батыс жорығы және Ресей мемлекетінің бірлікке келуі туралы. *Ішкі Моңғол гуманитарлық ғылымы журналы*. 6, 73-77 [贾宝维, 张龙海. (2011). 试论蒙古西征与罗斯国家的统一. 内蒙古社会科学第6期 第六期, 73-77 页].

Kurat, A. N. (1940). *Топқапı Сарayı Мүзесі Арşивіндекі Алтын Орду. Кірім ve Түркїстан Ханларына Айт Үарлық ve Бітіклере*. İstanbul: Bürhaneddin.

Қинаятұлы, З. (2004). *Қазақ мемлекеті және Жошы Хан*. Астана: Елорда.

Ман Шияуяң (Ман Сяоян). (2011). Моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда билігінің орыс ұлтына жасаған әсері туралы қысқаша талдау. *Ғасыр көпірі журналы*. 21, 33 - 36 [满肖阳. (2011). 浅析蒙古入侵与金帐汗国的统治对俄罗斯民族的影响. 哈尔滨: 中共黑龙江省委史志研究室《世纪桥》期刊 2011 年 21 期].

Псковская и софийская летописи. (1851). Полное собрание русских летописей (ПСРЛ). Санкт-Петербург: Типография Эдуарда Праца.

Рене, Г. (1989). *Моңғол империясының тарихы, қытай тіліндегі нұсқасы*. ҚХР Бейжің: Сауда [雷纳 格鲁塞. (1989) 蒙古帝国史. 北京: 商务出版社].

Сафарғалиев, М.Г. (2014). *Алтын Орданың ыдырауы*. Алматы: Дайк-пресс.

Су Руишию (2010). Еуразияшылдық көзқарас: Савицкийлік назария, моңғол-татар билігі және оның Ресей тарихына әсері. *Ресей, Орталық Азия және Шығыс Еуропа зерттеулері журналы*. 3, 78-84 [粟瑞雪. (2010). 欧亚主义视野: 萨维茨基论蒙古—鞑靼统治及其对俄罗斯历史的影响. 北京: 中国社会科学院俄罗斯中亚东欧研究期刊, 2010 年 3 月].

Тизенгаузен, В.Г. (1884). *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды*. Санкт-Петербург: изд. на иждивение гр. С.Г. Строганова.

Уаң Йө. (1994). *Ескі жазбаларға аннотация*. ҚХР Ланжоу: Ганьсу өлкелік ұлттар баспасы [王钺.: (1994). 往年纪事译注. 中国兰州: 甘肃民族出版社].

Хан Рулин. (2008). *Юан патшалығының тарихы*. ҚХР Бейжің: Қытай халық баспасы [韩儒林. (2008). «元朝史», 北京: 中国人民出版社].

Хуаң Чюди. (2007). Алтын Орда билігі кезіндегі Орыс православие шіркеуі. *Бай ду кітап қоймасы* <https://eduai.baidu.com> Кіру уақыты: 28.02.2024 сағат: 11:02 [黄秋迪. (2007). 金帐汗国统治时期的罗斯东正教会. 百度文库. 访问日期: 2024-2-28 11:02].

Шүй Жиң шиө. (1989). *Ресейдің тарихи қолжазбалары*. ҚХР Бейжің: Сауда [徐景学. (1989). 俄国史稿. 北京: 中国经济出版社].

Яу Хай. (2010). Шығыс пен Батыс арасы –Александр Невскийдің дипломатиясы және оның бағалануы. *Шығыс Қытай университеті Ресейтану журналы*, 4, 98-110 [姚海. (2010). 在东西方之间—涅夫斯基外交及其评价. 上海: 华东大学《俄罗斯研究》期刊, - 2010年4期]. *Псковская және Софийскаяның жылнамалары*. (1851). Санкт-Петербург: Эдуард Пратц баспаханасы.

References

Атаған В. (2020). *Улық Улыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы*. Дáристер жинағы. Алматы: Литера-м.

Dýbenýk. N. (1994). *Orys mádeniet tarhynyń jınaғы*. (CHjan kai). QHR Bejiń: saýda baspasý[Author: Dubenyuk. Interpres: Aperi. (1994). Leningrad Branch Instituti Historiae Academiae Scientiarum Unionis Sovieticae Adumbratio historiae culturalis Russicae Beijing: Commercial Press].

Жиа Баўви & Жиа Лы́нхай. (2011). Моңғолдын батис жорығы және Ресей мемлекетинин бирликке келйи тыралы. *Ишки Моңғол гыманитарлық гылымы жырнал*. 6, 73-77 зýларын са́кестирý системасы[Jia Baowei, Zhang Longhai. (2011). A Discussion on the Western Expedition of Mongolia and the Unification of the Russian State. Inner Mongolia Social Sciences, Issue 6, pp. 73-77]

Kurat, A. N. (1940). *Топкари Сарайи Мýзеси Аршивиндеки Алтин Орду. Кирим ве Тýркистан Ханларина Аит Яарлык ве Битклере*. İstanbul: Býrhaneddin.

Qinaiatuly, Z. (2004). *Qazaq memleketi және Joshy Han*. Astana: Elorda.

Man Shuaýiań (Man Siaoian). (2011). Моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда билігинин орыс ултына жасаған әсері тыралы қысқаша талдау. *Гасыр көпирі жырнал*. 21, 33-36[Man Xiaoyang.(2011). Brevis analysis impulsus invasionis Mongol et regulae Horde Aurei in natione Russica Harbin: Historia Research Officii Heilongjiang Committee Provincialis Factionis Communistae Sinarum 《 Century Bridge 》 Journal 2011 Part 21].

Pskovskaa i sofiiskaia letopisi. (1851). Polnoe sobranierýsskih letopisei (PSRL). Sankt-Peterbýrg: Tipografia Edýarda Prasa.

РУСТИҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

- Rene, G. (1989). Моңғол империясының тарихы, қытай тіліндегі нұсқасы. QHR Beijiñ: Saýda baspasy [Renagruse. (1989) Historia Imperii Mongol. Beijing: Negotia Press].
- Safarǵaliev, M.G. (2014). Altyn Ordanyñ ydyraýy. Almaty: Daik-press.
- Tızengayzen, Vladimir Gýstavovich. (1884). Sbornik materialov, odnosiahsia k istorii Zolotoi Ordy. Sankt-Peterbýrg : izd. na ijdivenie gr. S.G. Stroganova.
- Sý Rýishió. (2010). Visio Eurasiana: Savitsky in regula Mongolica Tatarorum eiusque impulsus in historia Russica Beijing: Acta Russiae Centralis Asiae et Orientalis Studiorum Europaeorum, Academia Scientiarum Socialium Sinensium, 3,78-84. [Su Ruixue. (MMX). Eurasian vision: Savitzki in Mongoliam-Tatars et impulsus in Russian historia Beijing: Seres Academiae socialis Scientiarum, Russia Journal of Central Asia et orientalem Europam Research, III MMX].
- Ýań Ió. (1994). Eski jazbalarǵa annotasiia. QHR Lanjoý: Gansý ólkelik ulttar baspasy [Wang Yue.(1994). Translation and annotation of previous years' chronics Lanzhou, China: Gansu Ethnic Publishing House].
- Han Rýlm. (2008). IÝan patyshalyǵynyñ tarıhy. QHR Beijiñ :Qytaı halyq baspasy [Han Rulin. (2008). « Historia Yuan dynastia », Beijing: Sinarum Publishing Domus Populi].
- Hýań CHıydy. (2007). Altyn Orda biligi kezindegi Orys pravoslavie shirkeýi. Baı dý kitap qoıması <https://eduai.baidu.com> Kirý yaqyty: 28.02.2024saǵat:11:02 [Huang Qiudi.(2007) (. Ecclesia Orthodoxa Rus, regnante Horde Aureo Baidu Wenku. Visita date: 2024-2-28 11:02].
- SHú Jın shıó. (1989). Reseidiñ tarıhı qoljazbalary. QHR Beijiñ: Saýda. [Xu Jingxue. (1989). Historiae Russicae Manuscript. Beijing: China Oeconomica Press].
- IAaý Hai. (2010). SHýgys pen Batys arasy – Aleksandr Nevskıdiñ diplomatiıasy jáne onyñ baǵalanıy. SHýgys Qytaı ýniversiteti Reseitanı jýrnaly, 4, 98-110[Yao Hai. (2010). Inter Orientem et Occidentem – Nevsky diploma et eius aestimatio Shanghai: Universitas Orientalis Sinarum « Studia Russica » Acta, - 2010 Part 4].

Öz: Makalede, Moğol askerlerinin askerî yetenekleri ve ustaca savaş taktikleri sayesinde kısa sürede Rus knezliklerini istila etme süreci incelenecek ve Rus knezlikleri ile halkının işgale karşı mücadelesi ele alınacaktır. Özellikle, Batu Han komutasındaki Cengiz Han'ın soyundan gelen askerlerinin istila etme sürecindeki Rus knezliklerinin iç çekişmeleri ile siyasi bölünmelerini etkin bir şekilde değerlendirmeleri üzerinde durulacaktır. Cuçi Ulusu'nun temelleri üzerine kurulan Altın Ordu devletinin kendilerinin işgal ettikleri Rus halkına millî kültür ve devlet kurma geleneği üzerinde büyük etkileri olmuştur. Çalışmada, Altın Orda'nın Rusya'nın kendi millî

kültürünün, Ortadoks millî dünya görüşünün, büyük imparatorluk devleti kurma fikrinin oluşmu üzerindeki etkisi ortaya konacaktır. Ayrıca, Rusya'nın Altın Ordu devletinin içerisindeki yeri değerlendirilecek ve Altın Ordu hükümdarlığı dönemindeki Rusya'nın siyaset, ekonomi, ticaret, din, kültür, dış ilişkiler ve diğer alanlardaki büyük değişimleri ve başarıları incelenecektir. Rus knezliklerinin birleşerek gelecekte Rusya İmparatorluğu'nu kurmalarının temellerinin Altın Ordu döneminde atıldığı, Batı seferinin Rusların hayatında önemli değişimlere yol açtığı da vurgulanacaktır. Bu değerlendirmeler, yerel tarihçilerin araştırmaları ile birlikte Çin, Türkiye, İran, Rusya ve Fransa'nın tarihî kayıtları ve araştırmalarıyla desteklenecektir.

Anahtar Kelimeler: Altın Ordu, Moğol askerleri, Rus knezliği, Ortadoks kilisesi

(Noserbek ZANADILUIU. RUSYA'NIN BİRLEŞMESİ SÜRECİNDE ALTIN ORDA'NIN ROLÜ)

Аннотация: В статье рассматриваются аспекты завоевания русских территорий монгольскими войсками, подчеркнув роль их военной мощи и стратегической тактики, а также их способность эффективно использовать внутренние противоречия и политическое разделение среди русских земель. Утверждается, что под командованием Батые, потомка Чингисхана, монгольские войска успешно завоевали русские территории в относительно короткие сроки. Исследуется, как Золотая Орда, основанная на наследии Джучи, оказала значительное влияние на завоеванные русские земли, как в сфере национальной культуры, так и в области государственного строительства. Подчеркивается, что Золотая Орда внесла свой вклад в формирование русской национальной культуры, православного религиозного мировоззрения и идеи создания великой империи. Анализируется положение Руси в составе Золотой Орды, а также отмечается, что в период правления Золотой Орды Россия достигла значительных изменений и успехов в политической, экономической, торговой, религиозной, культурной и международной сферах. Основываясь на исследованиях отечественных историков, а также на исторических источниках и исследованиях из Китая, Турции, Ирана, России и Франции, статья доказывает, что процесс объединения русских земель, начатый в период Золотой Орды, подготовил основу для создания Российской империи в будущем.

Ключевые слова: Золотая Орда, Монгольская армия, Русское княжество, Православная церковь

РУСТИҢ БІРЛІККЕ КЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ РӨЛІ

**(Носербек ЗАНАДИЛУЛЫ. РОЛЬ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В
ОБЪЕДИНЕНИИ РУСИ)**

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Носербек ЗАҢӘДІЛҰЛЫ (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

ӘОЖ 94(574)

МҒТАР 03.20